

MEDIEVAL HISTORY OF CENTRAL EURASIA

Has been published since 2020

No. 4 (3) 2022

Astana 2022

EDITOR-IN-CHIEF:

PhD, Assistant Professor
Kariyev E.M.

EDITORIAL BOARD:

Qydyráli Darhan	Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Muminov A.K.	Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Samashev Z. S.	Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Abuseitova M. K.	Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Sabitov Zh. M.	PhD in Political Science (Kazakhstan)
Golden Peter B.	Dr., Professor (USA)
Kradin N.N.	Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)
Erdélyi István	Doctor of Historical Sciences, Professor (Hungary)
Uzelac	PhD in History (Serbia)
Aleksandar	
Mirgaleev I. M.	Candidate of Historical Sciences (Russia)
Zaytsev I. V.	Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)
Petrov P.N.	Candidate of Historical Sciences (Russia)
Nagamine	PhD in History (Japan)
Hiroyuki	

Editorial address: 8, Kabanbay Batyr avenue, of.316, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010000
Tel.: (7172) 24-18-52 (ext. 316)
E-mail: medieval-history@isca.kz

Medieval History of Central Eurasia
Owner: Astana International University
Periodicity: quarterly
Circulation: 500 copies

CONTENT

A.A.Максүтова <u>“TARIKH-I RASHIDI” AS A SOURCE ON THE HISTORY OF JOCHI ULUS (THE GOLDEN HORDE).....</u>	4
A.A.Nuskabay, B.B.Besetayev <u>NEW STUDIED RITUAL FENCES OF THE TURKIC ERA IN ZHETYSU.....</u>	13
Ә.М.Ташқараева <u>ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ДӘСТҮРЛЕР САБАҚТАСТЫҒЫ («ШАДЖАРА-И-ТАРАКИМЕ» ДЕРЕКТЕРІ БОЙЫНША).....</u>	21
A.S.Shakiyeva <u>THE CONTRIBUTION OF TATAR SCIENTISTS TO THE STUDY OF THE HISTORY OF JUCHI ULUS.....</u>	32

МРНТИ: 11.25.25.

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ДӘСТҮРЛЕР САБАҚТАСТЫҒЫ («ШАДЖАРА-И-ТАРАКИМЕ» ДЕРЕКТЕРІ БОЙЫНША)

Ташқараева Әсел Мұхтарқызы

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің аға оқытушысы

Тараз, Қазақстан

assel_muxtarovna@mail.ru, 8 705 121 13 08

Аңдатпа. Түркі тайпаларының өмір сүру негіздерін, әсіресе оларға тән кеңістікті ұйымдастыру қасиеттерін, жеке өмір сүру мен дамудың шынайы қажеттіліктерін, ауқымды көші-қон мәселесін зерделеу Еуразия кеңістігін мәдени-тарихи тұтастық тұрғысынан түсінуде маңызды. Ұлы даладағы әлемдік өзгерістердің әлеуметтік салдары сипаты жағынан әртүрлі өркениеттер ошақтарының бірігуіне әкелді. Еуразиялық кеңістіктегі өркениеттің өзара байланысы туралы айта отырып, түркі халықтарының әлеуметтік, гео-тарихи факторларындағы интеграцияның маңыздылығын атап өткен жөн. Мыңжылдықтар бойы қалыптасқан өзара іс-қимыл феномені әлі күнге дейін көптеген ғылыми зерттеулердің негізгі тақырыбы болып табылады.

Түркі халықтарының тарихи байланыстары ежелгі заманнан бастау алып, орта ғасырларда және одан кейінгі заманда дами түсті. Орта ғасырлар бойы түркі халықтарының толқындары бір кездері батыс империясының құрамына кірген елдерге жетті. Бұл тайпалар жаңа отанында орнығуына дейінгі жолында тарихты, дәстүрлер мен дағдыларды сақтап қалды. Олар жаңа жерлерге қоныстанып қана қоймай, өз мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен дағдыларын жаңа әлеммен сабақтастықта дамытты.

Бұл мақала түркі халықтарының рухани мәдениетіндегі дәстүрлердің өзара байланысын зерттеуге арналған. Түркі тілдес халықтардың дүниетанымдық негіздерін қалыптастырудың маңызды аспектілерін талқыланады. Бүгінде ерте түркі тайпаларының этникалық сәйкестігін зерттеу проблемасын ортағасырлық этносаяси процестерді зерделеумен сабақтастықта қарау өзекті болып табылады. Осы тарихи оқиғаларды зерделеу - түркі халықтарының экономикалық, әлеуметтік, мәдени, саяси өзара іс-қимылын бастаудың тарихи алғышарттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: түркі халықтары, оғыздар, аңыздар, мифтер, ауызша дәстүр, тайпалар, ру, шежіре.

Түркі халықтарының рухани мәдениетіндегі дәстүрлердің сабақтастығы феноменін талқылау кезінде осы халықтардың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының көпқырлылығына назар аудару керек. Халықтардың өміріндегі мәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар біріктіру қызметін атқарып, қарым-қатынастардағы тұрақтылық пен ынтымақтастықты қамтамасыз етті. Ауызша деректер бойынша халықтардың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын сабақтастықта қарау қызықты талқылаулар мен тарихи тұрғыда негізделген қорытындылар беретіні сөзсіз. Түркілердің рухани мәдениетіндегі тарихи сабақтастықты зерттеудің теориялық және әдіснамалық проблемаларын ашу еуразияшылдықты зерттеудегі перспективалық бағыттардың бірі болып табылады.

Зерттеу жұмысында қойылған мәселелерді ашу үшін тарихилық, объективтілік, сабақтастық, ғылыми таным принциптері басты назарда болды. Ғылыми танымды нақты тарихи-салыстырмалы және тарихи-сараптамалық бағалау

қағидатын пайдалана отырып, Әбу-л-Ғази шығармасындағы ауызша дереккөздерге талдау жүргізілді және осы кезең тарихының неғұрлым даулы мәселелерін ашуға ұмтылыс жасалды. Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі шығармадағы ауызша деректер мен аңыздар, сондай-ақ этносаяси тарих, мәдениет, ежелгі және орта ғасырлардағы түркі экономикасы, ауызша дәстүрлер туралы мәліметтер, сондай-ақ отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері сияқты тақырыптарды қамтыған автор қарастырған ортағасырлық шығармалар болды. Зерттеу барысында тарихи салыстырмалылық, аналитикалық зерттеу және басқа зерттеу әдістері қолданылды.

Еуразия даласындағы халықтардың тарихы ежелден-ақ отандық және шетелдік ғалымдардың назарын аударып келеді. Еуропада түркі халықтары туралы алғашқы деректер көшпенділердің Шығыс Рим империясына шабуылымен бір уақытта келді. Сол уақыттан бері батыстық жазбаларда көшпелі тайпалардың өмірі, мәдениеті мен тарихы туралы мәліметтер сақталған. Әсіресе, Византия дипломаттарының есептерінде және тарихшылардың еңбектерінде көрініс тапқан деректер бүгінгі күнге дейін өз құндылығын жоғалтпаған.

Ауызша тарихи деректер, әсіресе аңыздар көптеген ортағасырлық авторлардың еңбектерінде көрініс тапты. Олар ғасырлар бойы Еуразия даласында өмір сүрген тайпалардың шығу тегі мен даму тарихын, салт-дәстүрлері мен дағдылары, шаруашылығы, этносаралық қарым-қатынастарды жан-жақты сипаттайды. Соның ішінде, ежелгі заманнан бері Еуразия даласындағы түркі халықтарының шығу тегі, әлеуметтік-саяси тарихы, мәдениеті, экономикасы туралы мәліметтер келтірілген тарихшы Абу-л-ғазидің «Шежіре-и-таракиме» шығармасындағы деректер ерекше назар аудартады. В.В.Бартольд Абу-л-ғазидің жұмысы түрікмендер туралы еңбек және басқа түркі халықтарының ешқайсысы туралы мұндай арнайы тарихи шығарма болған емес деп санайды. Ол, аталған еңбекті аса сақтықпен қолданған дұрыс деп есептейді, себебі, Абу-л-ғази, Рашид ад-Диннен алынған деректерден өзге жазбаларын ауызша деректер мен әңгімелер негізінде жазған [1, 584].

Тақырыпты зерттеуді келесі негізгі кезеңдер бойынша қарастыруға болады:

1. Шығарма мәтіні ғылыми айналымға енгенге дейінгі зерттеулер (XIX ғ.соңына дейін).

2. Шығарманың ғылыми ортадағы танылу кезеңі (XX ғ.басынан 1958 жылға дейін); осы кезеңде шығарманың орыс тіліндегі алғашқы мәтіні ғалымдардың қызығушылығын тудырды. Бұл жұмыстар зерттеулерде қолданылды, кейбір сұрақтары талданды.

3. Ғылыми қызығушылықтың артуы кезеңі (XX ғ.). Бұл кезең А.Н.Кононовтың көпжылдық ізденістер мен жұмыс мәтінін морфологиялық талдау негізінде жасалған еңбегін қамтумен байланысты. Күрделі зерттеулер осы жұмыстарды қолданды және сәйкесінше шығарма іргелі зерттеулерге негіз болды.

4. Шығарманың жаңаша көзқарастар негізінде зерттелу кезеңі (1991 жылдан бастап). Бұл жұмыстар Ұлы Дала тарихын жан-жақты қарастыруда ұтымды пайдаланылды.

Еуразияны мекендеген дала халықтарының тарихи және генеалогиялық ауызша дәстүрі ежелден бері дамып келеді. Тарих, маңызды оқиғалар, әлеуметтік

өмір мәселелері, жалпы адамзат маңызды деп тапқан ауызша дерек үлгілері ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, естеліктер түрінде сақталды.

Барлық халықтарда жазу пайда болғанға дейін тарихи білімнің элементтері ауызша аңыздар мен әңгімелер түрінде, ататек шежіресінде көрініс тапты. Яғни, ерте кезеңдегі ауызша халық шығармашылығының сипаты аңызға айналған, эпикалық шығармалар болып табылады. Қазір құнды дереккөзге айналған аңыздар, поэмалар, жылнамалар бірнеше ғасырлар бойы халық жадында сақталған. Көшпелі тұрмыс жағдайында Қытай қабырғасынан Еділге дейінгі орасан зор кеңістіктерді мекендеген түркі-моңғол халықтарының мыңдаған жылдық өмір тәжірибесінен қоғамдық қажеттілікпен туған және дамып келе жатқан ауызша тарихтың лайықты қырлары мен құпияларын мойындамау қателік болар еді. Түркі халықтарының тарихы мен мәдениетінің алуан түрлілігіне қарамастан, олардың дүниетанымдық ұғымдары мен сенімдерінен олардың аңыздары, ертегілері мен ауызекі аңыздары бойынша ұқсастық табуға болады.

Қалыптасқан сенімдер бойынша, түркі халықтарының адамзаттың шығу тегі мен жер бетінде басқа халықтармен таралуы туралы бірыңғай түсініктері болған. Киелі кітапта адамды Құдайдың жаратуы туралы екі негізгі жазба бар. Біріншісі - халықтық, Құдайдың балшықтан және өмір тынысынан ер адамды, әйелін оның қабырғасынан жаратуы туралы әңгіме: «...и не было человека для возделывания земли. И создал бог Яхве человека из праха земного и вдунул в лице его дыхание жизни, и стал человек душою живою... И сказал бог Яхве: нехорошо быть человеку одному; сотворим ему помощника, соответственного ему. Бог Яхве образовал из земли всех животных полевых и всех птиц небесных, и привёл к человеку, чтобы видеть, как он назовёт их, и чтобы, как наречёт человек всякую душу живую, так и было имя ей. И нарёк человек имена всем скотам и птицам небесным и всем зверям полевым; но для человека не нашлось помощника, подобного ему. И навёл бог Яхве на человека крепкий сон; и, когда он уснул, взял одно из рёбер его, и закрыл то место плотию. И создал бог Яхве из ребра, взятого у человека, жену, и привёл её к человеку. И сказал человек: вот это кость от костей моих и плоть от плоти моей; она будет называться женою, ибо взята от мужа. Потому оставит человек отца своего и мать свою и прилепится к жене своей, и будут одна плоть» [2, 98].

Келесі аңыз Киелі кітап мәтіндерінің кейінгі жазбаларына жатады, алғашқы вавилондық тұтқында болған исаилдіктерде Құдайдың ғаламның жаратушысы ретінде қалыптасқан түсінігінен туындайды; онда Құдайдың алты күндік әлемді жаратуы, соңында адамдардың жаратылуымен аяқталады: «И сказал бог: сотворим человека по образу нашему, по подобию нашему; и да владычествуют они над рыбами морскими, и над птицами небесными, и над скотом, и над всею землею, и над всеми гадами, пресмыкающимися по земле. И сотворил бог человека по образу своему, по образу божию сотворил его, мужчину и женщину сотворил их. И благословил их бог, и сказал бог: плодитесь и размножайтесь, и наполняйте землю, и обладайте ею, и владычествуйте над рыбами морскими, и над птицами небесными, и над всяким животным, пресмыкающимся по земле» [3, 26-28].

Бірінші аңыздың сюжеті бойынша алдымен Адам, содан кейін жануарлар пайда болды, әйел кейінірек пайда болған, екінші аңызда-еркек пен әйел бірдей

және бір уақытта, жаратылыстың соңғы күнінде пайда болған және Құдаймен жаратылды.

Ежелгі дәуірден бастау алатын діни сипаттағы аңыздар, адамның жаратылуы мен оның ұрпақтары туралы жазбалар Абу-л-ғазиз еңбектерінде кездеседі. Шежіре жазудың мұсылман дәстүрлеріне сәйкес, автор жер бетінде адам мен өмір құру туралы әйгілі аңызды келтіреді: «Жаратушы Құдай адамды жаратар болғанда, Жәбірейіл ғалаиссаламды жер бетінен топырақ алып кел деп жұмсады. Ол жерден топырақ алмақ болғанда, жер хал тілінде одан не қылғалы жатырғанын сұрады. Жәбірейіл келген жұмысын айтып еді, жер: «Менен топырақ алмаңыз, өйткені ертең адам перзенттері көбейгенде, бірі пәпір, бірі зәлім, бірі күнәһар болып, Құдайдан азап шегер», - деді. Жәбірейіл қайтып келіп, Құдайдан жердің айтқанын жеткізді. Құдай тағала Мәкайыл ғалаиссаламды жіберді, ол да сол сөзді айтып келді. Одан соң Құдай тағала Исраиыл ғалаиссаламды жіберіп еді, ол да топырақ алмай, естігенін айтып келді. Одан кейін Құдай тағала Әзірейіл ғалаиссаламды жіберді. Жер оған да жоғарыдағы айтқандарын айтып еді, Әзірейіл: «Сенің айтқаныңнан Құдайдың хүкімі күштірек», - деп, Қазіргі қағба тұрған жерден топырақ алып келді. Құдай тағала өзінің құдіретімен топырақты қамыр қылып, одан адамның жүрегін жасап, отыз тоғыз күн Мекке мен Таифтың арасына қойды. Қырық күн дегенде оған жан бітірді. Ібілістің адамға сәжде қылмағаны, адамның бейішке барып, одан бұл дүниеге айтып келгені айдан анық, күннен мәшһүр болғандықтан, оның несін айтайын» [4, 11].

Абу-л-ғазиз Адамның жұмаққа қалай барғаны, сол жерден қалай шыққаны және жер бетінде қалай жүргені туралы аңыздарды сипаттамады, онысын бұл аңыздардың халық арасында жақсы танымал екендігімен түсіндірді. Шығармада жазылған аңыз бойынша Адам қайтыс болғанға дейін ұлы Шейсті орнына қойды. Шейс пайғамбар және билеуші болды, өзінен кейін ұлы Анушты отырғызды, ол орнына Қинанды отырғызды. Қинаннан кейін тақты ұлы Михаил иеленді, оның кезінде Адам ұрпақтары сансыз көбейді. Осы себепті Михаил Бабыл еліне (Вавилон) барып, сол жерде қала тұрғызып, оны Сус деп атады. Ол халыққа бүкіл жерге таралуды бұйырды. Михаилден кейін оның ұлы Берд таққа отырды, одан кейін Ехнох пайғамбар болды, Ыдырыс деген атпен әйгілі болды. Ыдырыстан кейін Матушалех әкесінің орнына отырды, содан кейін ұлы Леймекті отырғызды. Осылайша, Нұх пайғамбарға дейін, яғни барлық Топан су кезеңіне дейінгі аталардың тізбегін келтіреді [5, 38].

«Шежіре-и-таракимеде» Топан су аңызы, жердегі тіршіліктің жойылуы, Нұх Пайғамбардан адамзаттың қайта таралуы туралы аңыздар назар аудартады. Шығарма бойынша, Нұх пайғамбар жеті жүз жыл бойы халықты мұсылмандық үшін үгіттеді, нәтижесінде сексен адам ғана дінді қабылдады, бұған ашуланған Пайғамбар Жаратушыдан жерге су тасқынын жіберуді сұрайды. Құдай оның тілегін қабыл етті және жер бетінен өмірді жою үшін топан су жібереді. Жаратушының бұйрығымен табиғаттың бұл қайтпас күшінен бүкіл әлемде тіршілік жойылды, кейінірек кемеде болған сексен адам да әртүрлі аурулардан қайтыс болады. Нұх пайғамбардың отбасы ғана аман қалды. Біз дәл осындай аңыздарды Киелі кітаптан да кездестіреміз. Нұх-Сифтің ұрпағы, Адамнан кейінгі таралған антикалық діни патриархтарының соңғысы (оныншы); Ламехтің ұлы, Мафусайлдың немересі. Киелі кітапқа сәйкес, Нұх өз ұрпағында әділ адам болған,

ол үшін оны Құдай су тасқынынан құтқарып, адамзат баласының қайта жалғастырушысы етті. Яғни, аңыз дерегі бойынша, қазіргі жердегі адамзат Нұх пайғамбардың Сам, Хам, Яфет есімді үш ұлынан тараған.

Адамзат әрқашан қоршаған әлемнің құпияларын білуге, жалпы әлем туралы және осы және өзге әлемдегі өмір туралы жалпылама түсінік жасауға ұмтылды. Адамға оның рухани және практикалық қызметінде жетекші бағыт беретін дүниетанымдық көзқарастар оның құндылық көзқарастарын қалыптастырады. Мифология өзінің дүниетанымының бірінші түрі болғандықтан, оның мысалында халықтарды білдіру мен түсінудің негізгі белгілерін, сипаттарын, ерекшеліктері мен ұқсастықтарын атап өтуге болады. Славяндар мен түркі халықтарының аңыздарында, ежелгі әңгімелерінде және мифологиясында әлемнің жаратылуы туралы түсініктер, Құдай туралы түсініктер және қоршаған ғаламды түсіну сирек кездеседі. Славяндар аспанды күмбез сияқты Жерді жауып тұрған шатыр күйінде елестетті. Күн Құдайдың жүзі немесе көзі сияқты, Құдай Жерге қарайтын терезе сияқты Күн туралы әр түрлі түсініктер қалыптасты. Оны отты шар, от немесе алтын құймасы ретінде түсінді. Бұл Ілия пайғамбар мініп жүретін арбаның дөңгелегі деп сенетін. Оны нан, тағам немесе табаға ұқсатты. Фольклорда күн тірі құбылыс ретінде - бұқа, қоңыз немесе адам болып көрінеді.

Ежелгі заманда адамзат өзін табиғатпен біртұтастықта қабылдап, оны әулие деп санады. Аспан денелері мен қоршаған табиғатқа ерекше мәртебе берілді, оларға құрмет көрсетілді. Славяндар Күнге ерекше қасиеттер дарытты, бірақ оған адамға тән қасиеттерін теліді. Ол адам сияқты қуанып, ашуланып, күліп, қайғырып, ауырып, жылайды. Оның анасы бар. Жұлдыздар - оның әпкелері, ал ай - ағасы немесе қарындасы. Күн қызды ұрлап, әйелдікке алады. Ол әлемнің шетінде тұрады. Батыстық украиндықтар адамдар пайда болған соң күн азая бастады деп сенді. Адам туған кезде күннен бір үзім үзіліп, жұлдызға айналады, ал өлген кезде оның жұлдызы сөніп, құлайды. Оңтүстік славяндардың сенімі бойынша, бір кездері бірнеше күн болған, бірақ оларды жылан жұтқан. Тек біреуі ғана аман қалды.

Түркілерде де славяндар сияқты күні бүгінге дейін аспан денелерімен байланысты әдет-ғұрыптар, дағдылар, тыйымдар, сенімдер мен тыйымдар сақталған. Көптеген түркі халықтарының тұрмысында күнге ұқсас жеті шелпек пісіру әдеті бар, олар күн тәрізді дөңгелек және сары. Бұл мұсылман діні келгенге дейінгі заманда көптеген ғасырлар бойы сақталған сенім еді. Мұндай құбылыс славяндарда да кездеседі: Күн мейрамы - майлы құймақтар. «Масленица» деп өз түбірімен дәстүрге айналғанына қарамастан, христиан дінінің таралуымен де өз маңызын жоғалтқан жоқ. Жылдар өте келе, Масленица Қысты шығарып салу және Көктемді қарсы алу мерекесіне, ата-бабаларды еске алу күніне айналды.

Исламға дейінгі дүниетанымдағы ай қасиетті, киелі болып саналды. «Ай көрдім, жаңа көрдім, жаңа айда жарылқа» деген тұрақты сөз тіркесінде айтылған Айға табыну дәстүрі осы аспан денесімен байланысты ежелгі сенімдердің кіріспесі болып табылады. «Қырғыздардағы шамандық белгілері» атты еңбегінде Ш.Уәлиханов шамандықтың мәнін түсіндіреді: «Адам күннің көзіне таң қалып, оған табынатын; Айды көріп, оған табынды; ол табиғаттағы бәріне тәубе етті, онда ол Көк аспан - Көк Тенгри деп аталатын уақыт кеңістігі ретінде осы түсініксіз күштің бар екенін байқады». Сондай-ақ, көне заманда қазақтар жаңа Айға табынып, тізерлеп отырып, үш рет тәубе еткен. Егер жаз болса, шөпті жұлып алып,

отқа лақтырады. Сондай-ақ, Айға қарап, тілек айтатын [6, 48]. Ежелгі түсінікке сәйкес, Ай фазасының өзгеруі адам тағдырына әсер етті. Кейіннен көптеген сенімдер қалыптасты: Айға ұзақ қарауға болмайды, Ай жарығын кішкентай баланың бетіне шағылыстыруға болмайды және т.б. Ай бетінде кемпір бар деген де сенім қалыптасты. Аталған тыймдар орындалмаса, бұл кемпір бақытсыздық әкеледі. Сондай-ақ Айға қарап жуынуға тыйым салынды. Өйткені бұл рухты жарқыратады, тыйым салуды бұзған адам ауру мен азапқа тап болады.

Адамдар өздерінің тағдырын аспанмен және жермен байланыстыра отырып, олардың құрметіне балаларын атады. Славяндарда күн, ай және аспанға байланысты «Златояр» - күн сияқты жарық, «Солнцеслав» - даңқты күн, «Яра», «Ярина» - күн, «Яролик» - күн сәулесі, «Звездан» - жұлдыздардың астында туған, «Дан» - ай құдайы, «Стелла» - жұлдыз, «Есений» - ашық аспан, т.б. Мұндай атаулар түркі халықтарының арасында «Гюнай», «Күнтуған», «Айбаршын», «Айтуған», «Асуман», «Айбану», «Айасель», «Жұлдызай», «Гюнеш», «Жұлдызай», «Жұлдызша», «Айбаршын», «Айваз», «Айдемир», «Айсун», «Айбике», «Әйтекин», «Гүлай», «Күнсұлу», «Ақжылдыз» және т.б. түрінде кездеседі.

Рашид ад-динның шығармасындағы «Оғыз-намеде», «Шежіре-и-таракиме» және «Шежіре-и-түрік» атты Ау-л-ғазидің тарихи шығармаларында Оғыз қаған балаларына «Күнхан», «Айхан», «Жұлдызхан», «Көкхан», «Таухан», «Теңізхан» есімдерін бергені туралы мәліметтер бар. Кейде баланың ерекшелігін көрсету үшін оны қасиетті, киелі құбылыстардың аттасы жасады. Абу-л-ғазидің Оғыз қаған туралы мәліметтерінде «Қара ханның үлкен әйелінің ай мен күннен әдемі ұлы дүниеге келді» деген салыстырулары кездеседі. Осы мысалдар негізінде түркі тайпаларында Тәңірге тағзым етудің әлемдік танымы сақталғанын және оны қасиетті, аспан және жер деп қабылдағанын түсінуге болады.

Табиғат пен оның құбылысын қастерлеу Қорқыт атаның дүниеге келуі туралы аңызда айқын көрініс тапқан. Қорқыт дүниеге келер алдында күн тұтыла бастады, бүкіл әлемді қараңғылық жауып, дауыл соғып, қатты жаңбыр жауды. Қорқыт дүниеге келген соң, бұл толқулар бірден тоқтап, аспан ашылды. Табиғаттың осындай қарқынды күйінен кейін жиналған адамдар: "Бұл бала жұртты қорқытып дүниеге келді, оның есімі Қорқыт болсын, яғни Қорқытушы болсын", - деп ерекше баланың есімін орын оқиғамен байланыстырды.

Ертеден-ақ, адамдар есімнің оның иесіне көмектесетін, зиян келтіретін белгілі бір құпия күші бар екеніне сенген. Сондықтан есімді таңдаудың маңызы зор болды және әдет-ғұрып ретінде қарастырылды. Мәліметтерге сүйенсек, кейде балаларға кешеуілдетіп ат қою салты орын алған. Абу-л-ғазидің ежелгі түркі қоғамында балаға тек бір жасында есім берілгенін жазады. Оғыз қаған бір жасқа толғанда Қара хан балаға ат қоюға жиналған адамдарға үлкен той жасады. «Шежіре-и-таракименің» дерегі бойынша, Оғыз хан бір жасында сөйлеп, өзінің аты - «Оғыз» екенін мәлімдеген. Жиналғандардың барлығы таңғалды, себебі бір жастағы бала сөйлеп, өз атын жариялауы тегін емес екенін ұқты. Жалпы, онтогенез процесінде, бір жасар баланың әлеуметтік дамуына сәйкес, ол өз бетінше аз ғана дыбыстарды ғана айта алды. Жарысқа келгендер баланың бұл ісіне таң қалып, «Бұл бала өз атын өзі атады, одан жақсы есім табыла ма?», - деді. - Оған Оғыз есімі берілді. Бұл туралы баят былай дейді:

«Ушал бир нашар оғлан анда реваң

Келип тилге тиди билиңлер аян
Атым туруп Оғуз, хусреви нәм-вер
Вилиңлер, иакин барча ели хюнер» [7, 124].

Ислам дінінің енуімен бұл дәстүр ығыстырылып, туған күнінен бастап балаға «Азан» шақырылып, есімі берілді.

Ғалымдардың пайымдауынша, бала белгілі бір уақытқа дейін транзиттік кезеңнен өтеді деген түсініктен кейін балаға ат қоюды кейінге қалдыру дәстүрі орын алған. Діни сенім бойынша, осы әлемге келген және кеткен адам жеті, қырық күн және бір жыл түріндегі транзиттік кезеңнен өткен. Мысалы, қайтыс болған марқұмға қырқыншы күні еске алу рәсімі өткізіледі. Қырқыншы күнді еске алу рәсімі қырық күндік еске алу кезеңін аяқтайды, әсіресе православ славяндары мен мұсылмандар дәстүрінде бұл қырық күн рәсімі маңызды. Жалпыға ортақ сенім бойынша, осы кезең ішінде қайтыс болған адамның жан дүниесі жерде болады, өз үйіне қайтып оралады, қабірдің айналасында жүреді, қабірде сынақтан өтеді, ал қырқыншы күні жерден біржола кетеді[12].

Ата-бабаларымыз үшін бала өмірінің алғашқы жылы өте маңызды болды. Бірінші себеп - жаңа туған нәрестелер өлімінің жоғары болуы. Егер бала бірінші жыл аман-есен қалса, алдыңғы әлемнің соқпағынан босатылды деп есептелді. Балаға «Тұсаукесер» жасалды, жиналғандар бұл баланың осы әлемге жасалған алғашқы қадамына қуанып, өмір жолының басталғанына куә болды. Егер бір жылдан қайтыс болған адам тыныштық тапса, бірінші жылдан кейін осы өмірге келген адам толығымен осы әлемге көшті деп сенді. Түркілердің балаға бір жасында есім беру дәстүрі осы себептен болар.

Қазақ тарихында түркі қоғамындағы сияқты балаға лақап ат қойылып, батырлық әрекеттерден кейін ғана есім берілген мысалдарды кездестіруге болады[13]. Оғыз туралы аңыздағы маңызды сәттердің бірі - батырдың алғашқы ерлігі және осы ерліктен кейін оған есім беру рәсімі. Бұл жерде біз түркі эпосының кең тараған сюжеттік элементтерінің бірін көреміз. Әдетте, басты кейіпкердің есімін ақсақал немесе абыз береді. Мысалы, Қорқыт ата кітабында Байрақ туралы әңгіменің кейіпкеріне оның алғашқы батырлық істерінен кейін есімі беріледі. Оның есімін Қорқыттың өзі береді.

Сондай-ақ, туған баланың да қырық күндігі тойланады. Көне дәстүр бойынша, қырық күнге дейін баланы көрсетпейді, шашын, тырнағын алмайды. Балаға қырық күн толғанда ғана «Қырқынан шығару» рәсімін өткізеді, рәсім барысында сәбиді суға шомылдырады, байлық пен дәмділіктің символы ретінде қырық бір тиын мен қырық бір құмалақ салып, шақырылғандардың тілектерімен қырық бір қасық суды табаққа құйып алады. Қырық бірінші күнде бала қоршаған әлемге бейімделіп, толыққанды адамға айналды деп есептеген. Славяндардың өмірінде де қырық саны маңызды болды, тек қырық күнге жеткеннен кейін ғана балаларын шоқындырды. Қырық күнге дейін бала әлсіз, жағымсыз әсерлерден қорғалмаған болып есептелді, оның әлі өзінің сақтаушы періштесі жоқ деп түсінді, ол шоқындырғаннан кейін ғана пайда болады. Славяндар христиандыққа дейінгі кезеңде тірілер әлемі мен өлілер әлемі бар екеніне сенді. Бұл әлемге енді ғана келген жаңа туған бала әлі де алдыңғы әлемге тиесілі деп түсінді. Қырық күнге дейін балада өтпелі кезең болды.

Түркі аңыздары мен әңгімелерінде Ай мен Күннің әсері және олардың араласуымен өмірдің пайда болу себептері жиі кездеседі. Бұл мәселе «Оғыз-наме»

эпосының ұйғырлық нұсқасында айқын көрініс тапты. Эпостың сюжеттік желісі бойынша оқиға былай суреттеледі: «Бір күнде Оғыз қаған құдайға жалбарынды. Түн келді. Көк аспаннан жерге көк сәуле түсті. Ол күн сәулесінен, көк айдан анық еді. Оғыз қаған оған жақындап, қарады. Бұл сәуленің ортасында қыз бар еді, ол жалғыз еді», - деп, одан әрі ол аспаннан түскен қызға үйленгенін айтады. Бұл қыздан үш ұл дүниеге келді. Оғыз оларды Ай, Күн, Жұлдыз деп атады. Оның кіші үш ұлын ағаштың қуысынан шыққан қыз дүниеге әкелді: «Бір күні Оғыз қаған аңға шықты. Көлдің арасынан ағашты көрді. Бұл ағаштың қуысынан бір қызды көрді, ол жалғыз еді. Ол қызға үйленді. Бұл қыз үш ұлды дүниеге әкелді. Біріншісін Аспан, екіншісін Тау, үшіншісін Теңіз деп атады» [8, 38]. Оғыздың аспаннан түсірілген жарқыраған қызға үйленуі, балаларының аспан денелерімен және табиғат атаулымен байланысты атаулары Аспан мен Жерді қасиеттендіруіне байланысты болды. Эпоста: «Теңіздер мен Өзендер күш берсін, Күн біздің туымыз болсын, Аспан біздің шатырымыз болсын», - деп күн мен аспанның қамқорлығына ниет еткен [8, 39].

Құпия күштермен байланысты ерекше жағдайдағы дүниеге келу Абу-л-ғазидің «Шежіре-и-түрік» шығармасындағы «Аланхуанның ерекше шытырман оқиғасы» тарауында кездеседі. Аланхуанның күйеуі Дубун Баян қайтыс болғаннан кейін оның қолы мен жүрегіне таласқан адамдар көп болды. Аланхуа олардың ешқайсысына «Тірі болғанша, жалғыз боламын. Патшалықты өзім басқарамын», деп өз ойынан қайтпайды. Күндердің бірінде таңертең аспаннан жерге жарық сәуле түсті. Сәуледен көзі көк сары адам көрінді. Аланхуа жүкті болып, үш ұл дүниеге келді. Солардың бірінен Будынжардан Шыңғыс хан руы және көптеген моңғол тайпалары тарады. Үш ұлдың ұрпақтарын «нирундар» деп атады. Нирун аудармада сұлу қыздың ұрпағы деген мағына береді. Моңғолдардың ұғымдары бойынша бұл ру күн сәулесінен пайда болды [9, 38]. Мұндай мотивтер көк биіктің, аспанның қасиеті пен киесін көрсетеді, сондай-ақ ерекше тұлғаның ғажайып жағдайда дүниеге келуіне, аспан күштерімен байланысты рулар мен тайпалардың пайда болуына себеп болады.

Ауызша әңгімелер мен аңыздарда баланың ерекше жағдайда тууы, ерекше құбылыстың баланың тағдырмен байланысы, жеке адамның тұлғалық қасиетін ерекшелейтін есімдердің берілуі фольклорлық прозаның жетекші бағыттарының бірі болып табылады. Кейіпкердің ерекше тууы туралы түсініктің тарихи негізі архаикалық, мифологиялық іздердің қатарына жатады. Кейіпкердің табиғатындағы ерекше жағдай оның туған жерінде де көрінуі мүмкін. Славян эпосында жас князь Марфа Всеславьевна мен Жыланның одағынан Волхтың ғажайып дүниеге келуі айқын мысал бола алады. Оңтүстік славян эпосында кейіпкерлер қатары «Змеевичтерге» жатады [10, 38]. Кейбір жасөспірімдердің дүниеге келуінің алдында бедеулікке ұшыраған немесе бірнеше балаларынан айырылған әйелдер жүгінетін сиқырлы әрекеттер болады. Горун-Кеседжияның тоғыз баласынан айырылған анасы жыламады, шағымданбады, нәтижесінде ұлды болды. Басқа бір болжам бойынша, ол Құдайға «күтпеген, белгісіз, Құдайға айтылмаған бала» деп дұға оқып, Марко дүниеге келді. Кейбір нұсқалар бойынша, Марко Кралевич - виланың баласы, король Вукашин басқа виланың көмегімен оны өзіне үйленуге мәжбүр етті [11, 38].

Ғажайып дүниеге келудің көріністері ауызша батырлық эпостарда, лиро-эпикалық жырларда ерекше көрініс тапты. Ортағасырлық көрнекті ғалымдар Рашид ад-дин Фазлаллах және Абу-л-ғазидің еңбектерінде ислам дінінің салтанатымен ғажайып дүниеге келу себептері кездеседі. «Оғыз-наме» эпосының ұйғыр қолжазбасының ең көне нұсқасында Оғыз ханның бейнесі мифологиялық түсіндірме түрінде беріледі. «Оғыз-намеде» басты кейіпкердің ғажайып тууының, ерте өскенінің себептері жақсы суреттеледі: «Қағанның көзі ашылып, бала дүниеге келді. Бұл баланың жүзі көгілдір, аузы отты-қызыл, көзі қызғылт, шашы, қасы қара еді. Жүзі періштелерден гөрі керемет еді», - деп ерекше қасиетті жарықтан туған бала бейнесінде сипатталады [8, 37]. Мұндай себеп Геракл туралы грек аңызында да кездеседі. «Оғыз-намеде» Оғыз қырық күнде ержетті. Оның әдеттен тыс келбеті эпоста былай суреттеледі: «Аяқтары буйвол тәрізді, белі қасқыр тәрізді, қалыбы бұлан тәрізді, мүсіні аю сияқты. Оның бүкіл денесін түк басқан» [8, 36].

Жалпы, түркі халықтарының рухани мәдениеті күрделі тарихи жолдан өтті. Түркі халықтары бүгінгі күнге дейін ежелгі дәуірге тамыр жайған дәстүрлерін жоғалтқан жоқ. Шындығында, қазіргі жағдайда түркілердің көптеген дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары кейбір өзгерістерімен сақталған. Бүгінгі жаһандану кезеңінде түркі халықтарының еуразиялық кеңістіктегі өзара байланыстарының пайда болуы, дамуы мәселелерін қарау еуразияландыру идеясы контекстіндегі маңызды тақырыптардың бірі болып табылады. Көптеген ғасырлар бойы түркілер бір-бірінің мәдениетін толықтырып, байытты. Еуразия даласындағы халықтардың этникалық қауымдастықтарының тарихи интеграциясы еуразиялық одақ туралы идеяның құрылуына алып келді. Бүгінде, ұлтаралық қарама-қайшылықтар күн санап өршіп тұрған әлемде бейбітшілікті сақтап қалудың ұтымды жолы ұлттық бірегейлік пен әлеуметтік тұрақтылықты қорғаудың кепілі ретіндегі әр халықтың тамырының бірегейлігін іздеу, бірнеше мың жыл бойы сақталған дәстүрлерге адалдықты сақтау.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Бартольд В.В. Сочинения. – М., 1963. – Т. 2, ч. 1. – 1020 с.
2. Библиейские предания. От Адама и Евы до могучего Самсона. Сост. Леонов В.Н. Религиозная литература, 2016. – 200 с. (Дата выхода на ЛитРес: 04 октября 2016).
3. 26-28. Библия. Книга Бытие.
<http://www.biblioteka3.ru/biblioteka/biblija/bytie/index.html>
4. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 12-т.: Әбілғазы. Түрік шежіресі Құраст.: Б. Әбілқасымұлы. - Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2011. - 496 бет. - (Әдеби жәдігерлер)
5. Кононов А.Н. Родословная туркмен /Сочинение Абу-л-Гази хана Хивинского. Издательство АН СССР Москва-Ленинград, 1958. – 285 с
6. Валиханов Ч. Ч. *Собрание сочинений в пяти томах. Том 4 – Алма-Ата, Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985, 2-е изд. доп. и переработанное, стр. 48-70.*
7. Ebulgazi Bahadır Han Şecere-i Terakime (Türkmenlerin Soyakütüğü). Hazırlayan Zuhâl Kargı Ölmez. Ankara 1996.

8. Дербисалин А. и др. -Огузский героический эпос./ Перевод на казахский:Дербисалин А., Жармухамедов М., Кумисбаев О. – Алматы: Наука, 1986. - 208 с.

9. Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Том I книга первая перевод с персидского Л.А.Хетагурова. редакция и примечания проф.А.А.Семенова Издательство Академии наук СССР Москва-Ленинград 1952.

10. Путилов Б. Н. Русский и южнославянский героический эпос: Сравнительно-типологическое исследование. М., 1971.

11. Путилов Б.Н. Эскурсы в теорию и историю славянского эпоса. — СПб.: «Петербургское Востоковедение», 1999. — 288 с.

12. Калбаева Г.С.// Мотив чудесного рождения в каракалпакских народных легендах и его исторические основы.-Вестник РУДН. Серия: Теория Языка. Семиотика. Семантика. 2018. Vol.9 No3 774—786 URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/motiv-chudesnogo-rozhdeniya-v-karakalpakskih-narodnyh-legendah-i-ego-istoricheskie-osnovy/viewer> (дата обращения: 19.12.2019).

13. Балаға есімді бір жасқа толғанда қоятын қазақ дәстүрі қалай ұмытылды// ф.ғ.д. А.Әбсадықпен сұхбат./ <https://tengrinews.kz/story/balaga-esmd-br-jaska-tolganda-koyatyin-kazak-dastur-kalay-370826/>

ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ТРАДИЦИЙ В ДУХОВНОЙ КУЛЬТУРЕ ТЮРКСКИХ НАРОДОВ

(ПО ДАННЫМ «ШАДЖАРА-И-ТАРАКИМЕ»)

Аннотация. Изучение основ существования тюркских племен, особенно характерных для них свойств организации пространства, истинных потребностей индивидуального существования и развития, масштабных миграционных потоков оказалось важным в понимании пространства Евразии с точки зрения культурно-исторической целостности. Социальные последствия миропорядка на территории Евразии того времени привели к слиянию очагов различных по характеру цивилизаций. Говоря о взаимосвязи цивилизации в Евразийском пространстве важно отметить значительность интеграции в социальных, гео-исторических факторах тюркских народов. Феномен взаимодействия, сложившийся на протяжении тысячелетий, до сих пор является основной темой многих научных исследований.

Исторические связи тюркских народов уходят корнями в древние времена, широко развернулись в Средневековье и последующие времена. На протяжении всего Средневековья волны людей тюркского происхождения приходили на земли, некогда входившие в состав западных империи. Эти племена сохраняли долгую историю, традиции и навыки на их пути на новую родину. Они не только обосновались на новых землях, но и развивали свою культуру, обычаи и навыки в преемственности с окружающим миром.

Данная статья посвящена изучению взаимосвязи традиций в духовной культуре тюркских народов. Обсуждаются важные аспекты формирования мировоззренческих основ тюркоязычных народов. Сегодня актуальным является рассмотрение проблемы изучения этнической идентичности раннетюркских племен в преемственности с изучением средневековых этнополитических процессов. Изучение этих исторических событий-позволяет выявить исторические предпосылки начала экономического, социального, культурного, политического взаимодействия тюркских народов.

Ключевые слова: тюркские народы, огузы, легенды, мифы, устная традиция, родословная, генеалогия.

**CONTINUITY OF TRADITIONS IN THE SPIRITUAL CULTURE OF THE TURKIC
PEOPLES
(ACCORDING TO "SHAJARA-I-TARAKIME")**

Annotation. The study of the foundations of the existence of the Turkic tribes, especially their characteristic properties of the organization of space, the true needs of individual existence and development, large-scale migration flows turned out to be important in understanding the space of Eurasia from the point of view of cultural and historical integrity. The social consequences of the world order on the territory of Eurasia at that time led to the merger of the centers of different civilizations. Speaking about the interrelationship of civilization in the Eurasian space, it is important to note the significance of integration in the social, geo-historical factors of the Turkic peoples. The phenomenon of interaction, which has developed over thousands of years, is still the main topic of many scientific studies.

The historical ties of the Turkic peoples go back to ancient times, developed widely in the Middle Ages and subsequent times. Throughout the Middle Ages, waves of people of Turkic descent came to the lands that were once part of the Western empire. These tribes preserved a long history, traditions and skills on their way to their new homeland. They not only settled in new lands, but also developed their culture, customs and skills in continuity with the surrounding world.

This article is devoted to the study of the relationship of traditions in the spiritual culture of the Turkic peoples. The important aspects of the formation of the ideological foundations of the Turkic-speaking peoples are discussed. Today, it is relevant to consider the problem of studying the ethnic identity of early Turkic tribes in continuity with the study of medieval ethnopolitical processes. The study of these historical events makes it possible to identify the historical prerequisites for the beginning of economic, social, cultural, and political interaction of the Turkic peoples.

Keywords: Turkic peoples, Oghuz, legends, myths, oral tradition, genealogy, genealogy.

Сведение об авторах: Ташкараева Асель Мухтаровна, Старший преподаватель Таразского регионального университета им. М.Х.Дулати, Тараз, Казахстан, assel_muxtarovna@mail.ru 8 705 121 13 08

Tashkarayeva Assel Mukhtarovna, Senior Lecturer, Taraz Regional Dulati University, Taraz, Kazakhstan, assel_muxtarovna@mail.ru 8 705 121 13 08